# Қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтажы үшін жер учаскелерін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 маусымдағы № 640 қаулысы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексі 13-бабының 3) тармақшасына және 105-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Ақтөбе аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне және «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің «2030 әскери бөлімі» мемлекеттік мекемесіне елді мекен жерлері санатынан қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтажы үшін тұрақты жер пайдалану құқығында жер учаскелері берілсін.

2. «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің «2030 әскери бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылығы алқаптарын ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін алып қоюдан туындаған алаңы 0,04 гектар жайылым түріндегі ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджет кірісіне өтесін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 маусымдағы № 640 қаулысына 1-қосымша

## Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Ақтөбе аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне Ақтөбе және Жем қалаларының елді мекен жерлері санатынан тұрақты жер пайдалану құқығында берілетін жер учаскелерінің экспликациясы

| Р/с № | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жалпы алаңы, гектар | Жер учаскесінің нысаналы мақсаты |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | Ақтөбе қаласы, Т. Рысқұлов көшесі, 192 үй | 4,5324 | Әскери госпиталь орналастыру және қызмет көрсету үшін |
| 2. | Ақтөбе қаласы, Ә. Молдағұлова даңғылы, 39-А үй | 20,3679 | Әуе қорғаныс күштері әскери институтының орталық базасының ғимараттарын және құрылыстарын орналастыру және қызмет көрсету үшін |
| 3. | Ақтөбе қаласы, ағайынды Жұбановтар көшесі, 290 үй | 0,5650 | Әуе қорғаныс күштері әскери институтының № 4 жатақханасын орналастыру үшін |
| 4. | Ақтөбе қаласы, Авиақалашық ауданы 30 «Г» үй | 1,1859 | № 32881 әскери бөлімінің оқу-жаттығу орталығының әкімшілік және оқу корпусын орналастыру және қызмет көрсету үшін |
| 5. | Ақтөбе қаласы, Авиақалашық ауданы 30 «В» үй | 0,2100 | Әуе қорғаныс күштері әскери институтының оқу-жаттығу орталығының жаттығу корпусын орналастыру және қызмет көрсету үшін |
| 6. | Ақтөбе қаласы, Бөкенбай батыр көшесі, 38 үй | 40,2261 | Әуе қорғаныс күштері әскери институтының ұшақтар тұрағын орналастыру және қызмет көрсету үшін |
| 7. | Ақтөбе қаласы, 41 разъезд, Әлжан станциясы | 5,6453 | Қойма үй-жайларын орналастыру және қызмет көрсету үшін |
| 8. | Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 36 «Г» үй | 4,7069 | Әуе қорғаныс күштері әскери институтының өрт сөндіру деposын орналастыру және қызмет көрсету үшін |
| 9. | Мұғалжар ауданы, Жем қаласы, Әйтеке би көшесі, 505 үй | 0,6333 | Көп қабатты тұрғын үйді орналастыру және қызмет көрсету үшін |
| Барлығы: | | 78,0728 | |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 21 маусымдағы
№ 640 қаулысына
2-қосымша

## Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі «2030 әскери бөлімі» мемлекеттік мекемесіне Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Жайсан ауылының елді мекен жерлері санатынан тұрақты жер пайдалану құқығында берілетін жер учаскесінің экспликациясы

| Р/с № | Жер учаскесі қандай жер санатынан беріледі | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жалпы алаңы, гектар | Оның ішінде: | | Жер учаскесінің нысаналы мақсаты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жайылым | басқа | |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Мәртөк ауданы, Жайсан ауыл елді мекен жері | Мәртөк ауданы, Жайсан ауылы | 0,0400 | 0,0400 | - | металдан жасалған бақылау мұнарасын орнату үшін |
| | Барлығы: | | 0,0400 | 0,0400 | - | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК